

Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлеріне келісім беру тәртібі мен шарттары туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 334 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2000 жылғы 18 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1028. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 12 маусымдағы N 159 қаулысымен. V042955

Банк қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру мақсатында және қолданылып жүрген заңдарға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлеріне келісім беру тәртібі мен шарттары туралы нұсқаулық бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Осы қаулы және Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлерін тағайындауға келісім беру тәртібі мен шарттары туралы нұсқаулық күшіне енген күннен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 27 қыркүйектегі N 229 қаулысымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің басшылық қызметіне тағайындалатын кандидатуралармен келісу тәртібі және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Біліктілік комиссиясының өкілеттіктері туралы ереженің(1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 413 өзгерістерімен және толықтыруларымен қоса) күші ж о й ы л д ы д е п с а н а л с ы н .

3. Заң департаменті (Шәріпов С.Б.) Банктерді қадағалау департаментімен (Жұмағұлов Б.Қ.) бірлесіп осы қаулыны және Екінші деңгейдегі банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың басшы қызметкерлеріне келісім беру тәртібі мен шарттары туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

4. Банктерді қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген

уәкілетті орган) келісу тәртібін, сондай-ақ уәкілетті органның Біліктілік комиссиясының өкілеттігін айқындайды.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 410 қаулысымен .

2. Банктердің және банктік емес ұйымдардың басшы қызметкерлеріне тағайындау немесе сайлау үшін ұсынылған банктердің және банктік емес ұйымдардың басшы қызметкерлері Банктер туралы заңда белгіленген талаптарға сай келуге тиіс және уәкілетті орган келісім беруі керек.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 410 қаулысымен .

3. Банктің басшы қызметкерлері - директорлар кеңесінің төрағасы және мүшелері, банк басқармасының төрағасы, оның орынбасарлары және соған теңестірілген банктің құрылымдық бөлімшелеріне жетекшілік ететін басшы қызметкерлері, банктің бас бухгалтері немесе соған теңестірілген, банктің құрылымдық бөлімшесінің бухгалтерлік есеп жүргізетін басшысы, сондай-ақ оның орынбасарлары, банк филиалының бірінші басшысы және бас бухгалтері немесе соған теңестірілген, банк филиалының құрылымдық бөлімшесінің бухгалтерлік есеп жүргізетін басшысы, банктік емес ұйымның басшы қызметкерлері - банктік емес ұйымның директорлар кеңесінің төрағасы (егер банктік емес ұйымның жарғысында директорлар кеңесінің болуы көзделсе), атқарушы органының басшысы және бас бухгалтері немесе соған теңестірілген, банктік емес ұйымның құрылымдық бөлімшесінің бухгалтерлік есеп жүргізетін басшысы қызметіне олардың кандидатуралары бойынша уәкілетті органның келісімі болғанда ғана тағайындалады немесе сайланады.

Кейбір жағдайда банктің немесе банктік емес ұйымның басшы қызметкеріне сайланған немесе тағайындаған адамның кандидатурасы уәкілетті органмен алдын ала келісілмесе, банк немесе банктік емес Ұйым банктің немесе банктік емес ұйымның уәкілетті органы басшы қызметкер тағайындалғаны немесе сайланғаны туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 күннің ішінде тиісті құжаттарды осы Нұсқаулықта белгіленген тәртіппен уәкілетті органның келісім беруі үшін ұсынуға міндетті. Осы Нұсқаулықта белгіленген талаптарға сәйкес уәкілетті органның келісім беруі үшін жіберілген құжаттардың толық пакеті уәкілетті органға келіп түскен күн құжаттар берілген күн деп есептеледі.

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 410 қаулысымен .

4. Банктің, банктік емес Ұйымның басшы қызметкерлері үш айдан астам уақытқа дейін уәкілетті органның келісімін алмаса, өз міндеттерін орындауына болмайды, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген мерзімнен асқаннан кейін құжаттарға бірінші немесе екінші болып қол қою құқығын пайдалана алмайды.

5. Банктің немесе банктік емес ұйымның басшы қызметкерлерінің кандидатурасымен келісу кезеңінде қолданылып жүрген банк заңдарының талаптарына сәйкес жұмысқа қайта қабылданатын адамдар мерзімді еңбек шарты бойынша міндеттер атқарады.

6. Банктің немесе банктік емес ұйымның басшы қызметкерлерінің кандидатурасына ұсынылған адам қызметтік міндеттерін дұрыс атқаруына қарамастан уәкілетті орган оны тағайындауға немесе сайлауға келісім беруден бас тартқан жағдайда, банк немесе банктік емес ұйым уәкілетті органның шешімін алған кезден бастап 30 күн ішінде осы нұсқаулықтың 4-тармағында көрсетілген уәкілетті органның келісімінсіз банктің немесе банктік емес ұйымның басшы қызметкерлерінің лауазымдық міндетін атқаруға болатын барынша шекті мерзімді міндетті түрде сақтай отырып аталған қызметкерді атқарып отырған қызметінен босатуға тиіс.

7. Банктердің немесе банктік емес ұйымдардың басшы қызметкерлерін тағайындауға немесе сайлауға келісім беру туралы, банктердің немесе банктік емес ұйымдардың басшы қызметкерлерін тағайындауға немесе сайлауға келісім беруден бас тарту немесе оны қайта қарау туралы уәкілетті органның шешімін уәкілетті органның Біліктілік комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) қабылдайды.

Қажет болған жағдайда, аталған мәселелерді уәкілетті органның Басқармасы қарауы мүмкін.

2-тарау. Комиссияның қарауы үшін кандидатураларды келісу және материалдарды дайындау үшін уәкілетті органға құжаттар беру тәртібі

8. Банктердің немесе банктік емес ұйымдардың басшы қызметкерлерін тағайындауға немесе сайлауға келісім беру туралы және банктердің немесе банктік емес ұйымдардың басшы қызметкерлерін тағайындауға немесе сайлауға жататын кандидатураларды келісу үшін банк немесе банктік емес ұйым уәкілетті бөлімшеге мына құжаттарды береді:

1) банктің немесе банктік емес ұйымның басшы қызметкер немесе басшы қызметкер лауазымына кандидатура тағайындауға немесе сайлауға келісім беру туралы өтініші;

2) басшы қызметкер тағайындау немесе сайлау туралы немесе басшы қызметкердің кандидатурасын уәкілетті органмен келісуге ұсыну туралы банктің немесе банктік емес ұйымның тиісті уәкілетті органының шешімін куәландыратын құжат;

3) басшы қызметкерлер немесе басшы қызметкерлер лауазымына кандидаттар туралы осы Нұсқаулықтың 1 және 2-қосымшаларында көрсетілген нысандар бойынша деректер;

4) басшы қызметкерлердің немесе басшы қызметкерлер лауазымына

кандидаттардың білімі туралы дипломының және еңбек кітапшасының нотариус куәландырған көшірмелері немесе тиісті білімі бар екенін растайтын және еңбек қызметі сипатталған нотариус куәландырған құжаттар.

Көрсетілген құжаттармен қатар басшы қызметкерлерге немесе басшы қызметкерлер лауазымына кандидаттарға кем дегенде екі адамнан осы нұсқаулықтың 3-қосымшасында көрсетілген нысан бойынша кепілдемелер ұсынуға міндетті.

Банктің директорлар кеңесінің төрағасы мен мүшелерінің және банктік емес ұйымдардың басшы қызметкерлерінің кандидатураларын келіскенде, осы нұсқаулықта көрсетілгеннен басқа жағдайда кепілдемелер ұсыну талап етілмейді.

Олардың тағайындалуына немесе сайлануына уәкілетті органның келісімін алған банктердің басшы қызметкерлері ғана, сондай-ақ салық қызметі органдарының және мемлекеттік қаржы басқару органдарының немесе олардың бөлімшелерінің басшы қызметкерлері кепілдемеші болуы мүмкін.

Еншілес банктердің Қазақстан Республикасының азаматы емес басшы қызметкерлерінің тізімін, бас банкті қоспағанда, уәкілетті орган бекітетін рейтинг агенттіктерінің бірінен алынған кредит қабілеттілігінің рейтингі Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен төмен болмайтын шетел банктерінің басшыларынан кепілдеме алып беруіне болады.

Шетел қатысатын банктердің директорлар кеңесінің төрағалығына кандидатураларды келіскенде кепілдемелердің түпнұсқасын және кепілдеме шет тілінде берілген жағдайда, оның нотариус куәландырған аудармасын ұсыну қажет, мұндайда кепілдемеші адамдар жоғарыда аталғандардан басқа, резиденттері шетел қатысатын банктің акционерлері болып табылатын тиісті мемлекеттің банктік қадағалауының уәкілетті органдарының өкілдері бола алады.

Кандидатураны келісу туралы өтінетін банктің немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүргізетін ұйымның басшы қызметкері немесе кандидатурамен туысқандық қатынастармен байланысқан адам кепілдемеші бола алмайды. Бір ұйымның қызметкерлеріне 2 және одан да көп кепілдеме беруге тыйым салынады.

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 410 қаулысымен.

9. Комиссия кандидатураларды көзбе-көз де сырттай да қарауға құқылы. Комиссияның кандидатураны көзбе-көз келісу іс-жосығы тесттен өткізуді және осы Нұсқаулықта көрсетілген жағдайларда, кандидатуралармен Комиссия мәжілісінде әңгімелесуді қамтиды.

Банктің директорлар кеңесінің төрағалығына және мүшелігіне банктік емес

ұйымның директорлар кеңесінің төрағалығына кандидатураларды келісу сырттай жүргізіледі.

10. Уәкілетті бөлім банк немесе банктік емес ұйым ұсынған құжаттардың толықтығын және дұрыстығын тексеріп, олар уәкілетті бөлімшеге түскен күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде Комиссияға әрбір келісілетін кандидатураны келісу түрін көрсетіп (көзбе-көз не сырттай) өтінген банкке немесе банктік емес ұйымға банктің немесе банктік емес ұйымның басшы қызметкерлерін уәкілетті органға тесттен өтуге шақыру туралы бір уақытта жазбаша ескертіп, осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасында көрсетілген нысанға сәйкес жазбаша қорытынды ұсынады.

Уәкілетті органға ұсынылған құжаттар осы нұсқаулықтың талаптарына сай болмаған жағдайда құжаттар қайтарылады.

Уәкілетті органға ұсынылған құжаттар осы нұсқаулықтың талаптарына сай келмеген жағдайда, құжаттар банкке немесе банктік емес ұйымға қайта ресімдеуге жіберіледі. Банк немесе банктік емес ұйым кандидатураны Уәкілетті органмен келісу үшін қажетті құжаттарды осы Нұсқаулықта көзделген мерзім шегінде қайта ресімдеуді жүзеге асырады.

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 410 қаулысымен .

11. Комиссия кандидатураны көзбе-көз келіскенде ол адам уәкілетті бөлім жүзеге асыратын тесттен өтуге міндетті.

Тесттен, өткізу кандидатураға компьютерлік немесе жазбаша нысанда сұрақ қойылып, тестік сұрақтарға ұсынылған жауаптардың біреуін тандауы арқылы жүргізіледі .

Тестік сұрақтардың ең аз дегенде 3 нұсқасының жауабы болуы керек, сонымен бірге олардың біреуі ғана дұрыс болуға тиіс.

Кандидатураны тесттен өткізу кезінде тестік 30 сұраққа жауап беру ұсынылады. Тесттен өткізу мерзімі 30 минутпен шектеледі.

Ескерту: 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 410 қаулысымен .

12. Қажет болған кезде алдын ала жазбаша тапсырыс бойынша уәкілетті бөлім тесттен өтушіге орыс және ағылшын тілдерін білетін аудармашы береді.

Кандидатты тесттен өткізу уақытында тестен өтушімен бір үй-жайда болуға уәкілетті бөлімшесінің қызметкерлері мен уәкілетті бөлім ұсынған аудармашыға ғана рұқсат етіледі .

Кандидаттарға тесттен өту кезінде қандай да бір жазбаша, электронды немесе басқа ақпараттық материалдарды пайдалануға тыйым салынады. Осы тармақта жазылған талаптарды бұзу тестің нәтижелі өтпегеніне теңестіріледі.

13. Тестің нәтижесіз болуы басшы қызметкер лауазымына тағайындауға немесе сайлауға ұсынылған банктің немесе банктік емес ұйымның басшы

қызметкерін немесе кандидатты банк заңдарын жеткілікті меңгермеген деп тануға және басшы қызметкерге тағайындауға (сайлауға) келісім беруден бас тартуға негіз болып танылады.

Кандидатураға сұрақ қою кезінде тестік сұрақтарға 60 проценттен кем дұрыс жауап алған кезде тест нәтижесіз өтті, ал кандидатура Комиссияның мәжілісіне пікірлесуге жіберілмейді деп танылады.

Кандидатураға сұрақ қою кезінде тестік сұрақтарға 60 проценттен аса дұрыс жауап алған кезде тест нәтижелі өтті, ал кандидатура Комиссияның мәжілісіне пікірлесуге жіберіледі деп танылады.

Уәкілетті бөлім кандидатты тестен өткізу нәтижесін басқа қажетті материалдармен бірге Комиссияның қарауына жібереді.

14. Кандидатуралардың іскерлік қабілетін және кәсіби дайындығының деңгейін сипаттайтын, сондай-ақ банктердің немесе банктік емес ұйымдардың басшы қызметкерлерін тағайындауға қатысты негіздерге байланысты мәліметтерді зерделеу мақсатында уәкілетті бөлімшенің қызметкерлері банктердің немесе банктік емес ұйымдардың басшы қызметкерлері жөніндегі мәліметтерді электрондық базада толық көлемде көрсетеді.

Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 410 қаулысымен .

15. Уәкілетті органға, банктерге және банктік емес ұйымдарға ұсынылатын қол қою және банктердің және банктік емес ұйымдардың мөр бедерлерінің үлгісі бар құжаттарда уәкілетті органмен келісімнен өткен басшы қызметкерлердің қолдарының үлгілері болуға тиіс.

Банктер мен банктік емес ұйымдардың қол қою және мөр бедерінің үлгілері бар құжат уәкілетті органға алдын ала ұсынылуға тиіс. Осы Нұсқаулыққа сәйкес басшы қызметкердің қол қоюға құқығы бар болған жағдайда, уәкілетті бөлімшенің тиісті басшылары қол қою және мөр бедерінің үлгілері бар құжаттарға бұрыштама қойылған күнді көрсете отырып жоғары оң жақ бұрышына бұрыштама қояды, қажет болған жағдайда банктің басшы қызметкерінің қол қою құқығының ең ұзақ мерзімі көрсетіледі, бұл мерзім аяқталғаннан кейін басшы қызметкердің мұндай құқығы болмайды.

Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 410 қаулысымен .

3-тарау. Банктер мен банктік емес ұйымдардың басшы қызметкерлерін тағайындауға немесе сайлауға келісім беруден бас тарту және бұрынғы берілген келісімді қайта қарау негіздемесі және тәртібі

16. Банктер туралы заңның 20-бабында белгіленген негіздер болған жағдайда Уәкілетті орган банктер мен банктік емес ұйымдардың басшы

қызметкерлерін тағайындауға немесе сайлауға келісім беруден бас тартуға және бұрынғы берілген келісімді қайта қарауға құқылы.

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 410 қаулысымен .

17. Банктің немесе банктік емес ұйымның басшы қызметкерінің кәсіби жарамдылығы туралы мәселені шешкен кезде Комиссия уәкілетті органның немесе оның бөлімшелерінің тексеруімен анықталған қосымша мәліметтерді, оған қоса банктің немесе банктік емес ұйымның қызметі банк заңдарын бұзуға немесе қаржы жағдайын нашарлатуға әкеліп соққан банктердің және банктік емес ұйымдардың басшы қызметкерлері туралы мәліметтерді зерделеуге құқылы.

Комиссия өтініш беруші банктен немесе банктік емес ұйымнан және үшінші тұлғадан банктің немесе банктік емес ұйымның қосымша мәліметтерін сұратуға құқылы.

18. Комиссия мәжілісіне келмеген жағдайда осы адамның кандидатурасымен келісу Комиссияның келесі мәжілісіне қалдырылады. Ол адам келесі жолы да келмесе, Комиссия бұл кандидатураны келісу туралы мәселені банк немесе банктік емес ұйым кандидаттың Комиссия мәжілісіне келмеу себебі көрсетілген қосымша өтініш бергенге дейін қарамауға құқылы.

19. Жекелеген жағдайларда, кандидатқа басшылық қызметке деген өзінің іскерлік қабілетін көрсету мүмкіндігін беруге байланысты келісім беруді кейінге қалдыру қажет болғанда заңда белгіленген үш ай мерзім шегінде, банктің немесе банктік емес ұйымның өтініші бойынша келісім беру туралы мәселені мұнан кейінгі мәселе шешілгенге дейін қарамауға құқылы, мұндайда құжаттардың толық пакетін өтініш беруші банкке немесе банктік емес ұйымға қайтару көзделеді.

20. Банктің немесе банктік емес ұйымның басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) бұрынғы берілген келісімді қайта қарау үшін негіз болған жағдайда уәкілетті бөлім мұндай фактілер туралы банкке жазбаша хабарлайды және сонымен бірге банктен қажетті құжаттар беруді талап етуге құқылы. Банк үш аптаның ішінде уәкілетті органға талап етілген құжаттармен қоса жазбаша түсіндірме беруге міндетті және пакетті қаралатын мәселеге қатысы бар басқа да құжаттармен толықтыруға құқылы.

Уәкілетті бөлім басшы қызметкер тағайындауға (сайлауға) бұрынғы берілген келісімді қайта қарау үшін басшы қызметкер кандидатурасы бойынша тиісті жазбаша қорытынды жасайды және осы мәселе жөніндегі басқа құжаттармен бірге оны Комиссияның кезекті мәжілісінде қарауға береді, сонымен қатар

Комиссия мәжілісінде банктің басшы қызметкерін тағайындауға (сайлауға) келісім беруді қайта қарау үшін оны уәкілетті органға шақыру туралы тиісті банктің немесе банктік емес ұйымның жазбаша хабарламасын да береді.

4-тарау. Комиссияның өкілеттігі, құрамы және шешімі

21. Комиссияның құрамы уәкілетті орган басшысының бұйрығымен б е к і т і л е д і .

Комиссия мәжілістеріне хаттама жүргізіп отыру үшін уәкілетті бөлімшесінің қызметкерлерінен дауыс беру құқығы жоқ хатшы қатысады.

Ескерту: 21-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 410 қаулысымен .

22. Комиссияның жұмысын ұйымдастыруды және оның қызметінің нәтижелерін ресімдеуді, оған қоса банктермен немесе банктік емес ұйымдармен осы мәселе жөнінде хат жазысуды уәкілетті бөлім жүзеге асырады.

2 3 . < * >

Ескерту: 23-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 2 желтоқсандағы N 410 қаулысымен .

24. Комиссия өз мәжілістерін қажеттілігіне қарай өткізіп отырады, бірақ әр тоқсанда бір реттен сирек болмауға тиіс және егер мәжіліске оның мүшелерінің кем дегенде 2/3-і қатысқан болса, ол құқылы болып саналады. Шешім мәжіліске қатысқан Комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады. Комиссия Төрағасы болмаған жағдайда мәжілісті оның орынбасары жүргізуге құқылы. Күн тәртібіне сәйкес тиісті мәселе қаралған Комиссия мәжілісінің хатталған күні Комиссия шешімінің қабылданған және күшіне енген күні болып табылады.

25. Комиссияның шешімі мәжіліс хаттамасына енгізіледі. Егер Комиссия мүшесінің қаралатын мәселе жөнінде ерекше пікірі болса, ол хаттамада көрсетілуге тиіс. Комиссия банкке оның басшы қызметкеріне немесе басшы қызметкер лауазымы кандидатына қатысты кеңес беруге құқылы, соның негізінде уәкілетті орган банк заңдарында белгіленген тәртіппен банкке ықпал етудің шектеу шараларын немесе санкциялар қолдануға құқылы.

26. Банк және банктік емес ұйым немесе басқа да мүдделі тұлғалар Комиссия шешімі жөнінде уәкілетті органның Басқармасына шағым бере алады. Осы мәселе жөніндегі уәкілетті орган Басқармасының қаулысы уәкілетті органның түпкілікті шешімі болып табылады.

27. Уәкілетті бөлім екі апта мерзімде банкке немесе банктік емес ұйымға уәкілетті орган қабылдаған шешім туралы хабарлауға міндетті.

5-тарау. Қорытынды ережелер

28. Банк, банктік емес ұйым немесе басқа да мүдделі тұлғалар уәкілетті органның банктік немесе банктік емес ұйымның басшы қызметкерлерінің кандидатурасына ұсынылған адамды тағайындауға немесе сайлауға келісім беруден бас тарту туралы немесе берілген келісімді заңдарда белгіленген тәртіппен қайта қарау туралы шешіміне шағым беруге құқылы.

29. Уәкілетті орган осы Нұсқаулықта белгіленген талаптарды бұзғаны үшін банкке немесе банктік емес ұйымға қолданылып жүрген банк заңдарында көзделген санкцияларды немесе басқа да ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

1-Қосымша

(суреті)

1999 жылғы " ____ " _____ жағдай бойынша

 (банктің (банктік емес ұйымның) атауы)

 лауазымына

директорлар кеңесінің

кандидат туралы мәліметтер

1. Аты-жөні _____

2. Туған күні және жері _____

3. Азаматтығы _____

4. Жеке басын куәландыратын құжаттың толық деректемелері__

5. Негізгі жұмыс орнының толық мекен-жайы, байланыс телефоны
 (код, жұмыстағы немесе үйдегі)_____

6. Білімі туралы мәліметтер (біліктілігін көтеру курстарын
 қ о с а а л ғ а н д а) :

Р/к N	Оқу орнының, факультеттің немесе бөлімнің атауы	Оқыған кезеңі	Берілген мамандығы туралы дипломның мекен-жайы	Білімі туралы сертификаттың деректемелері

7. Өмірбаяны туралы мәліметтер:

Р/к N	Ұйымның	Лауазымы	Жұмыс	Лауазымдық міндеттері

атауы және
мекен-жайы

істеген
кезеңі

1	.
2	.
.	.

8. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуы :

Р/к N	Заңды тұлғалардың атауы және жайы	Заңды тұлғалар қызметінің жарғылық түрлері	Осы ұйымның жарғылық капиталындағы Сіздің қатысу сомаңыз және үлесіңіз
-------	-----------------------------------	--	--

1	.
2	.
.	.

9. Алған кредиттері мен несиелері туралы мәліметтер:

Р/к N	Кредит немесе несие берген тұлғаның атауы немесе аты және	Кредит немесе несие бойынша борышының сомасы	Кредит немесе несие берілген күн	Кредит немесе несие өтелген күн	Осы сәтке берешек сомасы	Кредит немесе несие бойынша сыйақы (мүдде) ставкасы (жылдық %) мекен-жайы
-------	---	--	----------------------------------	---------------------------------	--------------------------	---

1	.
2	.
.	.

10. Сіздің заң тәртібімен белгіленген өтелмеген немесе алынбаған жазаңыз бар ма _____

11. Сіз банк қызметіне байланысты заңды бұзғаныңыз үшін

әкімшілік жауапқа тартылдыңыз ба _____

12. Сіз бұрын мәжбүрлі таратылған немесе банкрот болып танылған банктің немесе басқа заңды тұлғаның басшы қызметкері болдыңыз ба _____

(ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс істеген кезеңі, тарату/банкрот
б о л у с е б е б і)

13. Банктің (банктік емес ұйымның) Директорлар кеңесінде Сізге жүктелген міндеттер _____

Мен, _____

(А т ы - ж ө н і)

осы ақпаратты ұқыпты тексергенімді және оның дұрыстығы мен толықтығын растаймын, мен ұсынған күмәнді мәліметтердің болуы мені тағайындауға (сайлауға) келісімді қайта қарауға негіз болатынын және бұдан әрі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес маған қатысты санкциялар қолданылуы мүмкін екендігін мойындаймын.

Қолы _____ . Күні _____ .

2-Қосымша

(суреті)

(банктің банктік емес ұйымның)
_____ лауазымына

кандидат туралы мәліметтер

Өмірбаяндық мәліметтер

1. Аты-жөні _____
2. Үйінің мекен-жайы (почта индексін көрсете отырып, толық) _____

3. Туған күні және жері _____

4. Азаматтығы _____

5. Жеке басын куәландыратын құжаттың толық деректемелері _____

6. Байланыс телефонының номері (кодын көрсету керек, жұмысының немесе үйінің) _____

7. Жақын туыстары туралы мәліметтер (әкесі, анасы, балалары, аға-інісі, апа-сіңілісі, жұбайы) _____

Р/к N Аты-жөні Туған жылы туыстық Жұмыс орыны
қ а т ы н а с ы л а у а з ы м ы

1 .
2 .
. . .

8. Сіздің бұрын пайдаланған фамилияларыңыз туралы мәліметтер:

Р/к N	Фамилия	Пайдаланған	Өзгерту себебі к е з е ң
-------	---------	-------------	-----------------------------

1 .
2 .
. . .

Білімі және жұмыс тәжірибесі

9. Білімі туралы мәліметтер (біліктілігін көтеру курстарын қоса алғанда)

Р/к N	Оқу орнының факультеттің немесе бөлімнің атауы	Оқыған кезеңі	Берілген мамандығы	Білімі туралы дипломның, сертификатың деректемелері
-------	--	---------------	--------------------	---

1 .
2 .
. . .

10. Қоғамдық және ғылыми қызметтері туралы қосымша мәліметтер:

11. Шет тілдерін білуі

(тіл және игеру дәрежесі)
12. Өмірбаяны туралы мәліметтер:

Р/к N	Ұйымның атауы және мекен-жайы	Лауазымы	Жұмыс істеген	Лауазымдық міндеттері кезеңі
			1	.
			2	.
			.	.

13. Сіздің банкте (банктік емес ұйымда) лауазымдық міндеттер атқару үшін мына аумақта біліміңіз толық жеткілікті ме: (иә/жоқ)

- Қазақстан Республикасының банк заңдары _____
- Қазақстан Республикасы және банктерінің (банктік емес ұйымдарының) бухгалтерлік есебі және есеп беруі _____
- Қазақстан Республикасының валюталық реттеуі _____
- Қазақстан Республикасының салық заңдары _____
- Қазақстан Республикасының азаматтық заңдары _____
- Қазақстан Республикасының құнды қағаздар рыногы туралы заңдары _____

14. Сіздің біліктілігіңіз бен іскерлігіңізді әділ анықтау үшін Сіз маңызды деп санайтын кез-келген басқа ақпарат: _____

15. Сіздің келісіміңіз туралы өтініш жасаушы банкпен (банктік емес ұйыммен) қаржылық өзара қатынасыңызды сипаттаңыз: _____

Кандидатқа қосымша мәліметтер

16. Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына тікелей немесе жанама қатысуы:

Р/к N	Заңды тұлғалардың атауы және мекен-жайы	Заңды тұлғалар қызметінің жарғылық түрлері	Осы ұйымның жарғылық капиталындағы Сіздің қатысу сомаңыз және үлесіңіз
			1
			2
			.

17. Аталған кредиттері мен несиелері туралы мәліметтер:

Р/к N	Кредит немесе несие берген тұлғаның атауы немесе	Кредит немесе несие бойынша борышының	Кредит немесе несие күн	Кредит немесе несие күн	Осы сәтке берешек сомасы	Кредит немесе несие бойынша сыйақы (мүдде) ставкасы (жылдық %)
				а т ы	ж ә н е	с о м а с ы
				м е к е н - ж а й ы		
				1	.	.
				2	.	.
				.	.	.

18. Сіздің заң тәртібімен белгіленген өтелмеген немесе алынбаған жазаңыз бар ма _____

19. Сіз банк қызметіне байланысты заңды бұзғаныңыз үшін әкімшілік жауапқа тартылдыңыз ба _____

20. Сіз бұрын мәжбүрлі таратылған немесе банкрот болып танылған банктің немесе басқа заңды тұлғаның басшы қызметкері болдыңыз ба _____

(ұйымның атауы, лауазымы, жұмыс істеген кезеңі, тарату/банкрот болу с е б е б і)

21. Банкте (банктік емес ұйымда) Сізге жүктелген міндеттер _____

22. Ұсынушы адамдар туралы мәліметтер _____

Мен, _____

(А т ы - ж ө н і)

осы ақпаратты ұқыпты тексергенімді және оның дұрыстығы мен толықтығын растаймын, мен ұсынған күмәнді мәліметтердің болуы мені тағайындауға (сайлауға) келісімді қайта қарауға негіз болатынын және

бұдан әрі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес маған қатысты санкциялар қолданылуы мүмкін екендігін мойындаймын.

Қолы _____ Күні _____.

3-қосымша

Кепілдеме

_____ (қызметі)

_____ қызметіне тағайындалатын (сайланатын)

_____ (а т ы - ж ө н і)

Мен, _____

_____ (а т ы - ж ө н і)

Осы кепілдемені берушінің қызметі _____

Кепілдеме берушінің жұмыс орны _____

Байланыс телефоны (коды, жұмысы немесе үйі) _____

Кепілдеме берушінің қолы _____ Күні _____

Е с і ң і з д е б о л с ы н !

Сіздің кепілдемеңізде банктің басшы қызметіне тағайындалатын немесе сайланатын осы кандидатураның іскерлік беделі, іскерлік қабілеті, кәсіби біліктілігі, іскерлік байланысты және осы қызметке тағайындаудың немесе сайлаудың дұрыстығы туралы пікіріңіз болуы керек, мұның осы кандидатураны әділетті бағалауға пайдасы тиеді.

4-қосымша

Біліктілік комиссиясы мәжілісінің қарауына

Ұсыныс

_____ (басшы қызметкердің немесе кандидаттың лауазымы)

_____ (банктің немесе банктік емес ұйымның атауы)

Аты-жөні: _____

Туған күні: _____

Білімі: _____

Банктік стажы: _____

Еңбек жолы туралы мәліметтер:

N	Қызмет кезеңі	Ұйымның атауы, атқарған қызметі			
		р	/	с	
	1 .	/ /	ж .	-	/ / ж .
	2 .	/ /	ж .	-	/ / ж .

Ұ с ы н ы с т а р :

N р/с	Ұсынған адамның аты-жөні	Ұсынған адамның ұсыныс берген кездегі атқарған қызметі		
		1	.	
		2	.	.

Банктерді қадағалау департаменті жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, __

(кандидатураның аты-жөні)

кандидатурасын _____ лауазымына
 _____ (лауазым және банктің/банктік емес ұйым атауы)
 көзбе-көз/сырттай келісуге болады/келісу қажет деп санайды.

_____ жылғы " _____ " _____ Келісілсін
 Комиссия мәжілісінің N___ хаттамасы Қабылданбасын